



таңда техника паркінің жаңару деңгейі – 55,8%. Қысқы мал азығын дайындау жоспарға сай атқарылып, 139,8 мың тонна шөп жиналды (107,4%), – деді Мұрат Өмірәлиев.

Ауданда ветеринариялық ахуал тұрақты. Жоспарлы вакцинация мен бірдейлендіру толық орындалуда. Биыл Ақтау, Ардақ және Алмаз ауылдарында жаңа ветеринариялық пункттер салынып, заманауи жабдықтармен қамтылды. Алмаз ауылындағы пункт «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылды. Қарағаш ауылында жаңа ветеринариялық пункт пен мал қорымының құрылысы жүруде. Аудан орталығы Шыңғырлау ауылында және Алмаз, Ақбұлақ округтерінде үш мал қорымы пайдалануға берілді. Ветеринариялық қызметті қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 5 жаңа автокөлік бөлініп, тағы біреуі ай соңына дейін беріледі. Келер жылы Ақбұлақ пен Ақшатау ауылдарында екі жаңа ветеринариялық пункт, сондай-ақ үш ауылдық округте мал қорымдарын салу жоспарланған. Әкімдіктің жоспарына сәйкес 2026 жылға қарай барлық ауылдық округ толыққанды пункттермен және автокөліктермен қамтамасыз етіледі.

Аудан экономикасына жеке инвестиция тарту қарқыны жоғары. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі биыл 8 млрд 787 млн теңгеге жеткен. Сәуір айында қытайлық «Дебонд» компаниясының өкілдері ауданға келіп, шаруаларға суармалы егіншілікке арналған заманауи технологияларын таныстырған. Нәтижесінде екі шаруашылық суармалы жүйелерді енгізуге қызығушылық білдірді.

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың ең серпінді дамитын секторы. Ауданда бұл бағыт тұрақты түрде өркендеп келеді. Бүгінде 970 шағын және орта бизнес субъектісі тіркеліп, олардың 915-і нақты жұмыс істейді. Биыл өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 489,7 млн теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 102,7 пайыздық өсім көрсетті. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 439,7 млн, азық-түлік өндірісі – 326,8 млн, сусындар өндірісі – 5,2 млн, жеңіл өнеркәсіп – 7,3 млн, резеңке және пластмасса бұйымдары – 9,4 млн, жиһаз жа-

сау – 10,3 млн теңгені құрады. Өңдеу саласына ерекше ден қойған кәсіпкерлердің бірі – «Джалдығұлов» жеке кәсіпкерлігі. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында 5 млн теңге грант алып, қолғап өндіретін құрал-жабдық орнатты. Бүгінде кәсіпорын тәулігіне 200 жұп қолғап шығарып, Шыңғырлау, Ақшатау ауылдарына, сондай-ақ Ақтөбе мен Орал қалаларына өткізуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы аудан тұрғындарының кәсіп бастауына жол ашты. 2023-2024 жылдары 99 тұрғын жалпы сомасы 684 млн теңге жеңілдетілген несие алды. Нәтижесінде жаңа бағыттағы кәсіпорындар ашылып, қолданыстағы шаруашылықтар кеңейтілді. Биыл бағдарлама бойынша ауданға 241,7 млн теңге қарастырылды. Бүгінде 23 адам несие алуға ниет білдіріп, соның ішінде құс өсіру, балық шаруашылығы, кілем жуу, жүн түту бағыттарында 4 тұрғын жалпы 34,4 млн теңге несие рәсімдеп үлгерді, – деді әкім.

Елді мекендердегі халық санының азаюы мен маман тапшылығын болдырмау мақсатында қолға алынған «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы Шыңғырлау ауданында айтарлықтай нәтижесін көрсете бастаған. Өткен жылы бағдарлама аясында 55 адамнан тұратын 11 отбасы ауданға қоныс аударды. Ауданның жаңа тұрғындарының 19-ы – ересектер, 36-сы – балалар. Көшіп келген отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, коммуналдық үйлер ұсынылды, жұмысқа орналастыру шаралары жүргізілді. Ал биыл 6 отбасы, барлығы 36 адам қоныстанды. Оның ішінде 14 ересек, 22 бала бар. 5 адам тұрақты, 3 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. Бір азамат кәсіп бастауға қайтарымызсыз грант алды.

Әкім баяндағандай, ауданда әлеуметтік нысандарды жаңарту жұмыстары қарқынды. 844,5 млн теңгеге Л. Қылышев атындағы мектеп пен интернатқа күрделі жөндеу жүргізілуде. ҚПО б.в. компаниясының қаржыландыруымен 1 млрд 377 млн теңгеге аудандық аурухана, перзентхана және ас блогы жаңартылуда. Барлық нысанның құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталып, жергілікті жұрттың игілігіне берілмек.

Жүргізуші куәлігін алу тәртібі өзгерген

Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Асқар Сандыбаев мемлекеттік қызметтер мен жаңа цифрлық сервистер туралы ақпарат берді.



Оның айтуынша, филиал қызметі бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Олар – халыққа мемлекеттік қызмет көрсету, әлеуметтік көмек түрлерін ұсыну, зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау, жер кадастры мен жылжымайтын мүлікті тіркеу, сондай-ақ азаматтық хал актілерін ресімдеу. Қазіргі таңда филиалда 590 штаттық бірлік бар, оның ішінде 30 қызметкер – мүмкіндігі шектеулі азаматтар. 2025 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша филиал қызметкерлері 435 693 мемлекеттік қызмет көрсеткен, соның ішінде өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы 311 827 қызмет атқарылды.

– Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер қатарында электронды цифрлық қолтаңбаны беру, жеке куәлік пен паспорт рәсімдеу, жүргізуші куәлігін беру, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және аутомобильдерді қайта тіркеу бар. Қазіргі цифрландыру саясаты аясында азаматтар бұл қызметтерді «Egov» порталы, Телеграмм боттары, «Egov mobile» қосымшасы және екінші деңгейлі банктардың қосымшалары арқылы оңай ала алады. Бұдан бөлек филиал қызметкерлері азаматтарға бірқатар ақылы және ақысыз сервисті ұсынады. Олардың ішінде жеке менеджер қызметі, құжаттарды жеткізу, жылжымайтын мүлікке келісімшарт жасау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды жедел тіркеу, 1414 нөмірі арқылы кеңес алу, экстерриториалдық принциппен жеке куәлік пен төлқұжат алу, әлеуметтік төлемдерді алу сияқты қызметтер бар. Проактивті сипатта әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік аударымдар «Egov» порталы арқылы да жүзеге асырылады. Әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік қызметтердің 20 түрі қолжетімді. 2025 жылдың 10 айында бұл салада 52 936 қызмет көрсетілген. Соның ішінде асыраушысынан айы-

рылу, еңбекке қабілетінен айрылу, жұмысынан айырылу жағдайларында тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылар, мүгедектік, бала туу және күтім жасау бойынша төлемдер, көпбалалы аналарға («Алтын алқа», «Күміс алқа») берілетін қызмет түрлері бар. Азаматтық хал актілерін тіркеу қызметтері 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік корпорацияға ауысты. 2025 жылдың 10 айында филиал 7 495 туу туралы куәлік, 3 368 неке тіркеу, 514 некені бұзу, 131 қайтыс болу туралы куәліктер берген. АХАЖ бөлімі азаматтарға әлеуметтік маңызы бар қызметтерді тегін ұсынып отыр. Жер кадастры және жылжымайтын мүлік тіркеу саласында да жаңалықтар бар. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап жылжымайтын мүлікті тіркеудің мемлекеттік деректер базасы жер кадастрының аутоматтандырылған ақпараттық жүйесімен біріктіріліп, республикалық деңгейдегі бірыңғай база құрылған. Енді жер учаскелері мен жылжымайтын мүлік объектілеріне бір ғана құжат дайындалады, ал кадастрлық нөмірлер мен орналасқан жер туралы ақпаратты интернет-ресурстар арқылы жария кадастрлық картадан алуға болады. 2025 жылдың 10 айында филиал жер кадастры бойынша 14 754 мемлекеттік және 8 992 коммерциялық қызмет көрсеткен. Электронды цифрлық қолтаңба – 45 610 рет, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу – 45 514 рет, жер учаскесіне актілерді ресімдеу – 9 631 рет, жеке куәлік пен паспорт 97 604 рет берілген. Сонымен қатар 9 309 азамат аутоматтандырылған аутодромда жүргізуші куәлігін алу бойынша практикалық емтихан тапсырған, – деді Асқар Темірболатұлы.

Спикер атап өткендей, мемлекеттік қызметтерді онлайн алу саны күннен күнге өсіп келеді. «Мобильді ХҚКО» қосымшасында бей-

небайланыс арқылы 79 қызмет түрін алуға болады. Ал «ЦОН» мобильді қосымшасында жаңа сервис енгізіліп, аутокөлікті сатып алу-сату шартын рәсімдеу мүмкіндігі пайда болды. Бұған дейін QR-код арқылы жүргізілген бұл үрдіс енді ЭЦҚ арқылы онлайн рәсімделеді, азаматтар мамандандырылған ХҚКО-ға бармай-ақ құжатты алдын ала дайындай алады. Осының арқасында азаматтар уақыт үнемдеп, құжаттың деректері сервистің базасында қауіпсіз сақталады, бұған қоса құжаттың заңды күші мен жеке деректердің құпиялығы қамтамасыз етіледі. Айта кетейік, жүргізуші куәлігін алғаш рет алу тәртібі де өзгерген. Енді өтінішті мамандандырылған ХҚКО-ға бармай-ақ «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы жіберуге болады. Жүйе медициналық анықтама мен аутомектепті аяқтағаны туралы мәліметтерді автоматты түрде тексереді, ал емтихандарға жазылу мен мемлекеттік баж төлемі рәсімнен кейін жүргізіледі. Азаматтар өз өтінімдерінің орындалу барысын «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы нақты уақыт режимінде бақылай алады. Бұл мүмкіндік қызмет көрсету үрдісін ашық етіп, азаматтарға өтінімнің қай деңгейде тұрғанын және нәтижені қашан алуға болатынын нақты білуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, ХҚКО-ға барудың қажеті жоқ, бұл азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қызметтерге деген сенімді арттырады.

Брифинг соңында Асқар Сандыбаев барлық қызметтің қолжетімділігін, цифрландырудың тиімділігін және халыққа сапалы қызмет көрсетуді одан әрі дамытуға бағытталған жұмыстарын атап өтті. Филиал қызметкерлері азаматтарға ыңғайлы жағдай жасау үшін барлық күш-жігерін жұмылдырып, мемлекеттік қызметтерді тиімді әрі ашық ұсынуды жалғастыруда.

Айқарма бет материалдарын дайындаған Аружан БОЛАТБЕКҚЫЗЫ, «Орал өңірі»



«Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ 05.12.2025-11.12.2025 аралығында аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «БҚО Қаратөбе ауданы, Қоржын ауылы маңындағы Жақсыбай өзені арқылы өтетін көпір өткелінің құрылысы» жобасына талқы-

лау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (ndbecology.gov.kz.) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.